

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Жан және ақыл. 1-бөлім





Мақсаты – Пифагор, Эмпедокл, Анаксагор және Платон философиясындағы жан және ақыл мәселелерін қарастыру.

Жоспары:

1. Пифагор метемпсихозы.
2. Қабылдау және ойлау.
3. Платонның «Федондағы» ажалсыздық.
4. Жан анатомиясы.

Түйін сөздер

Жан, ақыл, өмір, өлім, ажалсыздық, метемпсихоз, жан анатомиясы.

Ұсынылып отырған дәріс Энтони Кенни кітабының жетінші тарауында талданған Пифагор, Эмпедокл, Анаксагор және Платон философиясындағы жан және ақыл мәселелеріне арналады.

Жан философиядан әлдеқайда ертерек жасаған. Әлемнің барлық мәдениеттерінде адамдар өлімнен құтыламыз деп қиялдаған және әлемдік жанның көне баламалары біздің бойымыздағы өлмейтін нәрсенің символы ретінде пайда болды. Философия пайда болған сәттен бастап дін мен ғылымның арасындағы шегарада тұрған о дүние мен жан табиғатын зерттеу басты мәселеге айналды.

Пифагор метемпсихозы

Пифагор алғашқы философ ретінде көп дәріптеліп, өлімнен кейінгі өмір идеясын жақтаушы ретінде де танылған. Бірақ ол басқалар секілді жан өлімнен кейін өзге, тылсым әлемге өтеді дегенге сенбеген. Ол біз өмір сүріп жатқан дүниеге қайтып келіп, басқа тәнде өмірін жалғастырады деп сенген. Ол өзінің жаны – сол кезден бірнеше жүз жыл бұрын Троя қаласын алуға қатысқан батыр бабасының рухы деп, сол қаланы алудағы көріністерді есіне түсіре алатынын айтып бере аламын деп тұжырымдаған. Жанның трансмиграциясы (олар мәңгі созылмауы қажет) – өлімнен толықтай құтылған құдайлардың батасымен келетін мәңгілік өмірден едәуір бөлек болды.

Пифагордың айтуынша, жанның ауысуы тек адамдарға ғана емес, басқа түрлерге де тән. Бірде ол күшікті қинап жатқан бір адамды тоқтатып, сол күшіктің қыңсылаған үнінен өзінің қайтыс болған досының даусын танығанын айтыпты. Бұл доктрина Шекспирді таңғалдырғаны сонша, ол өз шығармаларында соған бірнеше рет жүгінген.

Пифагор әуен мен математиканы адамның мәңгілік мәнін тану тәсілі деп қабылдады, бірақ, тиран Леонттың сұрағына жауап берген кезде, ол өзі туралы математик та, музыкант та емеспін деп айтқан еді. Пифагор «философ» сөзін пайдаланды және өзі ойлап тапқан бұл сөз өте сәтті болды, дегенмен, қазіргі таңда біз бұл сөзді Пифагор берген мағынадан әлдеқайда алшақ мәнде пайдаланамыз. Ақиқатты пайымдау өз – өзінен мақсат емес, бұл рухани дамудан алған білімді пайдалануға қажетті шарт. Метемпсихоз зұлымдық та, игілік те емес, бірақ, бұл үдеріс бақыланбайды, сондықтан, адам – ғарыш циклдарының субъектісі емес, объектісі; философия болса адамға субъективтілік беруге қабілетті. Өйткені, жанның жойылмайтындығы оны тек әлеуеттілік тұрғыдан мәңгі етеді; еске түсіру болса, оған барлық туындайтын салдарымен бірге актуалды мәңгілік өмір мүмкіндігін ұсынады. Алайда пифагорлықтардың, зерделі жануарлар құдайларға, адамдарға және Пифагорға ұқсас жандарға бөлінеді деген сенімі ерекше үнге ие болады: тек қана Пифагор емес, сонымен қатар, философияны зерттеуге өмірін арнаған әрбір адам құдай іспеттес болады. Философ – әлі де құдай емес, бірақ, енді адам да емес дейді.

Пифагор әлемнің (Ғарыштың) сандық мәнділігі туралы идеясын алға тартады және бұл оған «болмысты сандандыру» жобасын құрастыруға мүмкіндік туғызды; кейінірек, ол, идеалды мәндер туралы білімнің ерекше формасы ретіндегі математиканың туындауына жол ашты.

Пифагор трансмиграция және өмірге қайта оралу жөнінде ешқандай философиялық дәйек келтірген жоқ. Мұның орнына ол өзінің есіне түскен жайттарды мысалға келтіріп, олардың



жанның көшуі жөніндегі бұрынғы оқиғаларға қатысты екенін дәлелдемек болды. Сөйтіп, философтардың ішіндегі алғашқысы болып, ол жадыны – тұлғалық даралықтың критерийі деп санады.

Пифагор трансмиграциясының жетілген нұсқасын Эмпедокл өзі жасаған тарихтың циклдық тұжырымдамасының бөлігі ретінде пайдаланған. Алғашқы қателіктің жазасы ретінде, өлтірушілер мен жалған куәгерлер сияқты күнәһарлардың жаны отыз мың жыл бойына түрлі бейнелерге еніп, бір ауыр өмірден екіншісіне өтіп, адасып жүреді. Хайуанаттар тәні жазаланушы жандардың тұрағы болғандықтан, Эмпедокл ізбасарларына қорек үшін тірі жануарды өлтіруден бастартуды ұсынды. Жануарды сою өзіңнің балаңды немесе анаңды өлтірумен тең. Жануарларға ғана емес, адам жаны тіпті өсімдіктерге де ауысуы мүмкін болғандықтан, вегетариандарға да шөп-шаламды абайлап жеу, әсіресе ірі бұршақ пен лаврды қолданбау керектігін айтты. Егер пешенеңе өлгеннен кейін жануарға ауысу жазылған болса, онда, ең дұрысы, арыстан болу, ал өсімдік әлемінде лаврға айналған дұрыс. Эмпедоклдің өзі адам қалпында ғана емес, өсімдік пен жануар түрінде де болғанмын депті.

Бұл ерте кезеңде шынайы қазіргі өмірдегі жан табиғатын зерттеу, шамасы, жанның о дүниедегі орнын анықтаудың нәтижесі болса керек. Көне ойшылдардың барлығы материалистік көзқарасты қабылдады: жан не ауада (Анаксимен мен Анаксимандр), немесе отта (Парменид пен Гераклит). Дегенмен түсіну үшін біраз уақыт кетті: қалайша материалды элементтер жанның сезіну және ойлау сынды сипаттарын жүзеге асыра алады?

Қабылдау және ойлау

Эмпедокл қабылдау үдерісін мұқият сипаттаған бірінші философ болды. Ол өзінің ізашарлары сияқты материалист еді. Ғарыштағының бәрі сияқты, жан – жердің, ауаның, оттың және судың қосындысының нәтижесі. Қабылдау сезімі ағзалық сезім органдарының элементтеріне қабылдау объектісіндегі элементтерін салыстыру нәтижесінде жүзеге асады. Өшпенділік пен махаббат – Эмпедокл жүйесіндегі элементтерге әсер ететін күштер.

Процесс былай болады. Әлемдегі заттар көзіміздің қарашығына жететін; дыбысы құлаққа жететін толқындарды жібереді. Қабылдау жүзеге асатын мезетте, тесіктер мен ағымдар бір-біріне сәйкескелуі керек. Бұл қабылдау, әлбетте, Эмпедокл жүйесіндегі негізгі принциптерді түсіндіретін элементтер деңгейінде жүзеге асырылуы тиіс. Кейде мұның бәрі қарапайым түсіндіріледі: дыбыс ауамен беріледі де, құлақтың ішіндегі ауада қайталанатын. Қан – барлық элемент қосындыларының ең күрделісі, жүрек маңындағы айналымда жүретін қан ойлауды туындатады. Қан құрылымның тазарту сипаты ойлаудың кең өрісін түсіндіреді.

Эмпедоклдың дәрекі материализмі кейінгі философтар ойының сын нысанасына айналды. Аристотель оны қабылдау мен ойлау арасын нақты ажыратпады деп сынады. Басқа философтар болса, көз бен құлақтан басқа нәрселерде де тесік бар. Неге онда сорғыш пен пемзаларға қабылдау тән емес? деген ескерту жасады. Атомизм теориясының ізбасары Демокрит бұл сұраққа жауап берді. Көрінетін бейнелер – көрінетін объектіден келетін ағын мен қараушы адамнан шығатын ағындардың кездесуінің нәтижесі. Бейне немесе әсер ауада пайда болып араласады да, содан соң көздің қарашығына түседі. Бірақ Эмпедокл сияқты Демокрит те, ойлау үдерісі туралы, шамамен болса да, қанағаттанарлық жауап бере алмады. Сол үшін Аристотельдің қатаң сынына ұшырады.

Сократқа дейінгі философтардың бірі – Анаксагорды гректер ақыл-ой философы деп құрметтеген. Анаксагор Ғарыш бастапқыда өте кішкентай кешен түрінде болып, кейін кеңейу мен даму нәтижесінде қазіргі бізге таныс дүниеге айналды деп сенген. Бұл үдерісті, эволюциялық үдерістен тыс болатын ой (нус) басқарады.

Анаксагор материалды әлемнің бөлігі болып табылатын жандардың және материалды емес, әйтпесе әмбебап эфирлы материяның түрінен жасалған Құдайға ұқсас Ақылды ажыратады. Эмпедокл ұқсасты ұқсас таниды десе, Анаксагорлық ақыл барлығын тани алады, өйткені ол қалған барлығынан ерекше. Тек ең ұлы ғарыштық ақыл ғана бар емес: басқалардың да (мүмкін, адамдар да) ақылы бар, демек, ақылдың кішісі де, үлкені де болады.



Платондық «Федоннан» байқағанымыздай, Сократ Анаксагор шығармаларынан әлемнің ойға қонымды құрылымын түсіндіретін теория табамын деп үміттенді; яғни бұл теория әр заттың пайда болуын ғана түсіндіріп қоймай, сонымен қатар, қай мақсатта пайда болды және оның осы ойға қонымды туындауында ақыл қандай орын алатынын түсіндіруі тиіс болатын. Бірақ, ақыл әрекеті арқылы, әлемнің ойға қонымды құрылымы жайындағы ілімнің орнына, Сократ Анаксагор еңбектерінен пайда болудың себептілік механизмы жайындағы ілімді табады; Анаксагорда «ақыл» зерделі, ойға қонымды, әлемдегі барлық заттарды ең керемет толыққанды реттілікке бағыттайтын күш ретінде емес, себептілік механикалық күш ретінде көрінеді.

Осылайша, Анаксагор қозғалтушы күш ретінде «ақылды» енгізсе де және оны барлық материалдық элементтерден оқшауланған, қарапайым бастама деп бөлектеп алса да, тіпті «ақыл» барлығы туралы әмбебап білім деп сипаттаса да, соңында Анаксагор өз ақылын таза механикалық қозғаушы күш деп түсінді. Басқа жағынан, өзінің механикалық функциясындағы «ақыл» Анаксагорға тек түсіндірудің физикалық тәсілдері жетпей жатқанда ғана қажет бола қалады.

Платонның «Федонындағы» ажалсыздық

Анаксагордың ықпалына түскендердің бірі – Сократ еді. Бірақ тарихтағы Сократтың жан мен ақыл туралы, шын мәнінде, не ойлағанын айту қиын. Платонның «Апологиясындағы» Сократ өлімнен кейінгі өмірдің болуына көзқарасы жөнінде агностик болған тәрізді. Ол Өлім деген не түс көрмейтін ұйқы ма, әлде бұрынғы атақты марқұмдармен кездесу үшін басқа дүниеге сапар шегу ме? деген сұрақтың жауабын білгісі келді. Әркім өз жолымен жүреді, мен өлемін, сендер қалып, өмір сүре бересіңдер. Тек Құдай ғана ненің жақсы екенін біледі, – дейді Сократ. «Федондағы» Платонның Сократы жан өлімнен кейін де жалғаса беруімен бірге, оған сол жақта бұрынғыдан да жақсырақ деген ойға берік сенетін кейіпкер ретінде көрінеді.

Адам болмысы тәнге қамалған жаннан тұрады деген тұжырым оның пайымдауларының бастапқы нүктесі саналады. Нағыз философтар тәннің рақаты жөнінде бас қатырмайды. Олар тән философиямен айналысу үшін кедергі келтіреді деп біледі. Ал өлім – жанның тәннен бөлінуі. Демек, нағыз философтар өмір бойы өлімнің келуін асыға күтеді.

Сократпен сұхбаттасушылар – Симмиас пен Себ оның сөзін нақыл деп қабылдады. Бірақ Себ көп адамдар жан өлімнен кейін де өмір сүреді деген оймен келіспейді. Олар өлімнен кейін жан тіршілігін тоқтатады. Түтін тәрізді ғайыпқа сіңіп, жоғалады деп сенді. Сократ жанның өлімнен кейін де бәрібір болатынына дәлел келтіру керек деген пікірмен келіседі.

Ең алдымен ол кері бағытта дәлел келтіреді. Егер екі нәрсе бір-біріне қайшы келсе, олардың әрқайсысы бастауын қарама-қарсы тараптан алады. Егер сіз ұйықтап жатсаңыз, онда сіз оянасыз. Егер сіз оянасаңыз, демек, сіз ұйқыда болдыңыз. Егер А В-дан үлкейетін болса, онда А әуелде В-дан кішірек болғаны. Ал егер А В-дан жақсырақ бола бастаса, онда А әуелде В-дан нашарлау болғаны. Сонымен, қарама-қарсы ұғымдар бастауларын екінші жақтан алады. Соған орай өлім мен өмір де – қарама-қарсы ұғымдар. Егер өлім өмірден туындаса, онда, өз орайында, өмір де өлімнен туындауы керек емес пе? Өлімнен кейінгі өмірді көзбен көру мүмкін болмаса, онда ол басқа дүниеге өткені.

Сократтың келесі дәлелі тәнсіз жан өлімнен кейін емес, өмірдің кезінде болатынын көрсетуге арналған. Ол алдымен білім дегеніміз – еске түсіру дейді де, содан соң, еске түсірудің өзі – бұрынырақ болған нәрсе деп тұжырымдайды. Біз мөлшері азды-көпті шамалас заттарды жиі көреміз дейді. Бірақ әлемде бірдей тең екі нәрсе мүлде болмайды. Сондықтан біздің дәлме-дәл бірдейлік туралы идеямыз тәжірибеден алынған нәрсе емес. Біз көріп тұрған, шамалап алғанда бірдей сияқты нәрселер, есімізге бұрын кездестірген абсолютті тең нәрселерді салады. Ондай нәрселер осы өмірден де, сезім мүшелерімізден де туындап тұрған жоқ. Ол бұрынғы өмірден және таза ойдың әрекетінен туындаса керек. Бұл абсолютті бірдейлік идеясына тән нәрсе, абсолютті қайырымдылық пен абсолютті сұлулық сияқты, басқа ұқсас идеяларға да жұмыс істейді.



Бұдан соң Сократ үзілмелілік және үздіксіздік ұғымдарына сүйеніп, үшінші дәлелін келтіреді. Өлгеннен кейін ыдырайтын барлық дене құрылымнан тұрады және өзгереді. Бірақ көзбен көруге болатын көрнекі және ғайып болатын сұлулықпен салыстырғанда, адам жанға қатысы бар идеялар өзгермейді. Әрдайым өзгеріп отыратын көрнекі әлемде жан маскүнем сияқты теңселе шайқалады. Тек өзіне қайта оралғанда ғана ол үйіне оралғандай тазалық, мәңгілік және ажалсыздық әлеміне көшеді. Егер Мысырдағы мумияланған мүрдeler де көп жылдар бойына сақталып келсе де, жан өлген кезде жойылып кететініне сену қиын. Оның орнына, философиямен тазарған жан бізге беймәлім рақат әлеміне жол тартады.

Жан анатомиясы

«Федонда» жан – біртұтас болып қарастырылады. Платон басқа диалогтерінде жанның әртүрлі бөлігі әртүрлі қызмет атқаратынын көрсетеді. «Федрде» Альямеонға жанның өлмейтінін оның өзіндік қозғалысы арқылы келтіріп, Платон жанның құрылымын қос ат жеккен күймешіден құралған үштік деп елестетіп, – бірі жоғарыға, ал екіншісі төмен тартады деп сипаттайды. Аттар адам жанының екі бөлігін бейнелейді, бірақ олардың нақты қызметтері анықталмаған.

Жан анатомиясы «Мемлекетте» де сипатталған. 4-кітапта Сократ жанның үш элементі бар деп тұжырымдайды. Біріншісі ақыл (to logistikon), екіншісі – құмарлық (to epithymetikon), ал үшіншісі темперамент (to thymoeides). Жандағы әділеттілік – осы үш элементтердің үйлесімділігі.

Біз жанның үш тармақтылығын «Мемлекеттің» 9-кітабында қайта кездестіреміз. Ондағы ең төменгі элемент ашкөздік деп аталады. Өйткені құмарлықтың қалауын қанағаттандырудың негізгі құралы – ақша. Темперамент билікке, жеңіске және даңққа ұмтылады. Сондықтан ол жанның атаққұмар немесе мансапқұмар бөлігі болуы да мүмкін. Ақыл ақиқатты тануға асығады. Оның махаббаты – білім. Әр адамның жанында осы элементтердің біреуі басқаларымен салыстырғанда басымырақ келеді. Соларға сәйкес адам тойымсыз, атаққұмар немесе ғалым болады. Әр адам өзінің өмірін, жасаған таңдауын дұрыс деп көрсеткісі келеді. Тойымсыз адам – кәсіпкерлікті, мансапқұмар – саясаттағы мансабын мақтайды. Ал ғалым білімді, түсінуді және зерттеуге арналған өмірді мадақтайды. Әрине, Платон пальма жапырағымен философты марапаттайды. Ол – мол тәжірибеге ие парасатты жан, сонымен қатар, өмірлік мұрат-мақсаты бар. Оның өмірі басқа бәсекелестерінің көздеген жалған рақаттарына қарағанда, әлдеқайда шынайырақ.

Жанның ұштармақтылығы туралы Платон «Мемлекет» еңбегінде ғана айтып қоймайды. 10-кітапта ол ақылдың түрлі элементтерінің айырмашылығын көрсетеді. Бұлардың бірі – оптикалық иллюзияларға алданады. Ал енді бірі – өлшеп, санап, таразыға салынады. Егер бастапқы кітаптардан жан элементтерінің бір-бірінен өз қалауы арқылы ерекшеленетінін білсек, қазір енді біз оларды танымдық қуаты арқылы ажырата аламыз.

Сократ сол кітапта ажалсыздықтың жаңа дәлелін келтіреді. Әр нәрсені құртатын өзіне тән ауруы бар: Көзді – офтальмия, үтікті – тоттану құртады. Кесірлік – жанға тән сырқат. Бірақ кесірлік жанды күйрете алмайды. Егер жанды өз ауруы өлтіре алмаса, онда оны тән ауруы да құрта алмайды, сондықтан жан өлмейді. Ал өлмейтін нәрсе – жанның ұштармақтылығы сияқты қарапайым ғана қосалқы бөлшегі болуы мүмкін емес. Мұндай жан теңіздегі малта тастарға көмілген мүсін сияқты. Егер біз оның бар сұлулығын көргіміз келсе, жанның даналықты сүйетін, құдіретке құштар элементі басқа нәрселерден тазартылуы тиіс. Көзі тірісінде, дене құлы болудан азат етілген шынайы философ жаны, өлгеннен кейін, құдайлар арасында масайраған күйде өмір сүру үшін көрінбейтін әлемге аттанады. Алайда тәнін жақсы көретін лас жан, қабірлер арасында адасып жүрген елеске айналады немесе өз табиғатына сай, есек, қасқыр, әлде сұңқар секілді жануардың денесіне енеді. Ал ізгілік жолымен жүрген адам, философ болмаса, тобырлық және көпшіл тектес ара, сона, немесе құмырысқа секілді жәндіктерге айналады.

Тек қана шынайы философ өлімінен кейін аспаңға аттанады. «Бірақ, философ болмаған және соңына дейін тазартылмаған, танымға ұмтылмаған ешбір адамға құдайлар Ордасына кіруге рұқсат жоқ». Осы себепті де, философияны құрметтеушілер тәндік ләззат алудан қашқақтады. Олардың осылай жасайтыны – кедейлік пен бүліншілікке ұшыраудан қорыққанынан емес, «... танымға ұмтылғандарға мына нәрсе жақсы мәлім: философия олардың жанын қамқорлыққа



алғанда, жан денемен қатты байланып, жапсырылған, ол бар нәрсені өздігінен емес, тән арқылы қарастырып (түрме торынан қарағандай секілді) жетуге мәжбүр болып, терең надандыққа батады. Философия осы түрменің айбатты күшін де көреді: құштарлықтың соңында кетіп, тұтқын өз зынданын қараушыдан да бетер қорғайды».

Осы жерде Симмий Пифагордың мына пікірін келтіреді: жан бұл үйлесімділік және егер лира сынып қалса, үйлесімділік сақтала ала ма? Сократ, жан үйлесімділік бола алмайды, өйткені, үйлесімділік күрделі, ал жан қарапайым деп жауап береді. Жоғарыда айтқанды алып тастап қарасақ, жан бұл үйлесімділік деген көзқарас – өмір сүрумен үйлеспейді, ол еске түсіру теориясымен дәлелденген; өйткені үйлесімділік лирадан бұрын тіршілік ете алмайды.

Сократ осы жерде өзінің философиялық дамуын түсіндіруге ауысады; бұл өте қызық, дегенмен, басты дәйек бола алмайды. Ескерте кетейік, «әрбір идея белгілі бір болмыс және заттар немесе оларға қатынасы ғана болғандықтан, солардың атауына ие...» деген тұжырымға әкелетін идеялар теориясын сипаттауды жалғастырады. Ол өлімнен кейінгі жанды сипаттайды: жақсы жан аспанға ұшады, жаман – тозаққа, аралығындағылар – тазартқышқа. Жан өзінің шынайы табиғатында жан-жақты ма, әлде қарапайым бола ма, бұл мәселе шешілмеген күйінде қалды.

Сонымен, біз Энтони Кеннидің жетінші тарауында талдаған Пифагор метемпсихозы, Эмпедокл мен Анаксагордың философиясындағы қабылдау мен ойлау мәселелерін, Платон философиясындағы ажалсыздық пен жан анатомиясы секілді жан мен ақылдың кейбір мәселелерін қарастырдық. Келесі дәрісіміз осы тақырыптың жалғасы болмақ.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Өмірге қайта келу мен трансмиграцияның растығына Пифагор қандай дәлелдер келтірді?
2. Не себептен Эмпедокл өз ізбасарларына жануарларды азық етуден бас тартуға шақырды?
3. Аристотель Эмпедоклды не үшін сынаған?
4. Эмпедокл мен Анаксагордың танымға қатысты көзқарасы арасындағы айырмашылық қандай?
5. Сократтың пікірі бойынша, адам жанының концепциясы қандай?
6. Адам қайтыс болғаннан кейін де оның жанының бар екеніне қатысты Сократтың дәлелдері қандай?
7. Платонның «Мемлекеттің» 4 және 9 кітаптарындағы жанның анатомиясында қандай айырмашылықтар бар?
8. Платонның «Мемлекет» диалогының 10-кітабында ажалсыздыққа қатысты қандай дәлел бар?

Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., *Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы.* – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 2-том: Антикалық философия / құраст.: Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов. – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Диоген Лаэртский, *О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов.* / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. – 624 с.
5. Чанышев А. Н., *Курс лекций по древней философии.* – М., 1981.
6. Платон, *Диалоги.* – М.: Академический проект. – 2017.